

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ жанындағы 8D075 – «Стандарттау және сертификаттау» (6D073200 – «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы, 8D07501 – «Стандарттау және өнім сапасын басқару» білім беру бағдарламасы) даярлау бағыттары бойынша диссертациялық кеңестің 2024 ж. атқарған жұмысы туралы есеп

1 Өткізілген отырыстардың саны туралы мәліметтер.

2024 жылы диссертациялық Кеңестің 10 (он) отырысы өткізілді.

1. 01.03.2024ж. № 1 хаттама диссертациялық Кеңес туралы ереженің мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің PhD философия докторы дәрежесін беру қағидаларының талаптарын пысықтау;

2. 07.03.2024ж. № 2 хаттама 2017-2020 жж. докторантурада оқыған А.А.Ибжанованың диссертациясын қорғау туралы өтінішін қарастыру, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, ресми рецензенттерді бекіту және қорғау күнін тағайындау;

3. 07.03.2024ж. № 3 хаттама 2018-2021 жж. докторантурада оқыған М.А.Серекпаеваның диссертациясын қорғау туралы өтінішін қарастыру, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, ресми рецензенттерді бекіту және қорғау күнін тағайындау;

4. 07.03.2024ж. № 4 хаттама 2018-2021 жж. докторантурада оқыған М.А.Джаксымбетованың диссертациясын қорғау туралы өтінішін қарастыру, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, ресми рецензенттерді бекіту және қорғау күнін тағайындау;

5. 07.03.2024ж. № 5 хаттама 2020-2023 жж. докторантурада оқыған Г.К.Каримованың диссертациясын қорғау туралы өтінішін қарастыру, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, ресми рецензенттерді бекіту және қорғау күнін тағайындау;

6. 25.04.2024ж. № 6 хаттама 6D073200 - «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша докторант А.А. Ибжанованың диссертациялық жұмысын қорғауы;

7. 25.04.2024ж. № 7 хаттама 6D073200 - «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша докторант М.А. Серекпаеваның диссертациялық жұмысын қорғауы;

8. 25.04.2024ж. № 8 хаттама 6D073200 - «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша докторант М.А. Джаксымбетованың диссертациялық жұмысын қорғауы;

9. 25.04.2024ж. № 9 хаттама 8D07501 – «Стандарттау және өнім сапасын басқару» білім беру бағдарламасы бойынша докторант Г.К. Каримованың диссертациялық жұмысын қорғауы.

10. 5.08.2024ж. № 10 хаттама ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 14.06.2024 № 294 (01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығына сәйкес диссертациялық кеңес туралы үлгілік ережеге енгізілген өзгерістерге байланысты С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ жанындағы 8D075 «Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)» (8D07501 – Стандарттау және өнім сапасын басқару) дайындау бағыты бойынша диссертациялық кеңестің құрамын қайта бекіту.

2 Өткізілген отырыстардың жартысына кеміне қатысқан кеңес мүшелері жоқ.

3 Білім алатын ұйым атауы көрсетілген докторанттардың тізімі.

№	Докторанттың аты-жөні	Диссертация тақырыбы	Ғылыми консультанттары	Ресми рецензенттері	ЖОО
1	Ибжанова Айнура Алимбаевна	Биоыдырайтын қаптама өндіру технологиясының ғылыми-техникалық негіздерін	Ниязбекова Римма Калманбаевна (Hirsch index-3) – техника ғылымдарының докторы,	Кабдрахманова Сана Канатбековна , техника ғылымдарының кандидаты (Hirsch	С.Сейфуллин ат. ҚАТЗУ

		<p>әзірлеу және КО ТР 005/2011 сәйкес жаңа өнімді стандарттау</p>	<p>«Стандарттау, метрология және сертификаттау» кафедрасының профессоры м.а., «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, Астана қ.</p> <p>Юрченко Алексей Васильевич (Hirsch index-10) – техника ғылымдарының докторы, «Сапаны басқару» кафедрасының профессоры, «Томск мемлекеттік университеті» ФМАББМ, Томск қаласы, Ресей Федерациясы.</p>	<p>index-5), қауымдастырылған профессор, «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КеАҚ инженерлік бейіндегі зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, Алматы қ.</p> <p>Калдыбаев Рашид Турдыбаевич, техника ғылымдарының кандидаты (Hirsch index-4), «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ «Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және конструкциялануы» кафедрасының доценті, Шымкент қ.</p>	
	<p>Серекпаева Мира Амангельдиновна</p>	<p>Үш қабатты панельдердің қорғаныш жабындарының сапалық көрсеткіштерін жақсарту және халықаралық талаптарға сәйкес техникалық құжаттаманы әзірлеу</p>	<p>Ниязбекова Римма Калманбаевна (Hirsch index-3) – техника ғылымдарының докторы, «Стандарттау, метрология және сертификаттау» кафедрасының профессоры м.а., «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, Астана қ.</p> <p>Elsayed Moussa Elashmawy Negim Attia (Hirsch index-8) – PhD, қауымдастырылған профессор «Ұлттық зерттеу орталығы», Каир, Мысыр.</p>	<p>Ермағамбет Болат Төлеуханұлы, химия ғылымдарының докторы (Hirsch index-6), профессор, ҚазҰЖҒА академигі, «Көмір химиясы және технология институты» ЖШС директоры, Астана қ.</p> <p>Самбетбаева Айгуль Кудайбергеновна, техника ғылымдарының кандидаты, «Халықаралық білім беру корпорациясы»</p>	

				ЖШС «Құрылыс технологиялары, инфрақұрылым және менеджмент» факультетінің қауымдастырылған профессоры, Алматы қ.	
3	Джаксымбетова Макпал Адликановна	Деформациялы қ-термиялық өңдеумен біріктірілген сорттық прокаты өндіру технологиясын ың ғылыми-техникалық негіздерін әзірлеу және сапаның халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігін бағалау	Канаев Амангельды Токешевич (Hirsch index-5) – техника ғылымдарының докторы, «Стандарттау, метрология және сертификаттау» кафедрасының профессоры, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, Астана қ. Мазур Игорь Петрович (Hirsch index-8) – техника ғылымдарының докторы, профессор, «Металл қысыммен өңдеу» кафедрасының меңгерушісі, «Липецк мемлекеттік техникалық университеті» федералды мемлекеттік бюджеттік жоғары білім беру мекемесі, Липецк қ., Ресей Федерациясы.	Жакупова Арай Төлепбергеновна , 6D070900 – «Металлургия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) (Hirsch index-1), «Торайғыров Университеті» КеАҚ «Металлургия» кафедрасының постдокторанты, Павлодар қ. Ержанов Алмас Сатыбалдыевич , 6D070900 – «Металлургия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) (Hirsch index-4), қауымдастырылған профессор, «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ «Металлургия және материалтану» кафедрасының меңгерушісі, Теміртау қ.	
4	Каримова Гульмайда Конысбаевна	Макарон өнімдерін өндіру бойынша жаңа технологияларды (рецептураларды) әзірлеу арқылы стандарттауд	Ниязбекова Римма Калманбаевна (Hirsch index-3) – техника ғылымдарының докторы, «Стандарттау, метрология және сертификаттау» кафедрасының профессоры м.а., «С.Сейфуллин	Искакова Галия Куандыковна , техника ғылымдарының докторы (Hirsch index-4), «Алматы технологиялық университеті» АҚ «Астық өнімдері және өңдеу өндірістерінің технологиясы»	

		ың нормативтік базасын жетілдіру	атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, Астана қ. Elsayed Moussa Elashmawy Negim Attia (Hirsch index-8) – PhD, қауымдастырылған профессор «Ұлттық зерттеу орталығы», Каир, Мысыр.	кафедрасының профессоры, Алматы қ. Бектурганова Алмира Ануарбековна, техника ғылымдарының кандидаты (Hirsch index-1), «Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ «Технология және стандарттау» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Астана қ.
--	--	---	---	---

Диссертациялық кеңестің жоспарына сәйкес 2024 жылы 4 докторант диссертацияларды қорғады.

1 Докторант Ибжанова Айнур Алимбаевна «дәреже беру» туралы ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету төрағасының 2024 жылғы 11 шілдедегі № 591 бұйрығымен 6D073200 - «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілді.

2 Докторант Серекпаева Мира Амангельдиновна «дәреже беру» туралы ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету төрағасының 2024 жылғы 04 шілдедегі №580 бұйрығымен 6D073200 - «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілді.

3 Докторант Джаксымбетова Макпал Адликановна «дәреже беру» туралы ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету төрағасының 2024 жылғы 08 тамыздағы №748 бұйрығымен 6D073200 - «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілді.

4 Докторант Каримова Гульмайда Конысбаевна «дәреже беру» туралы ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету төрағасының 2024 жылғы 11 шілдедегі № 593 бұйрығымен 8D07501 – «Стандарттау және өнім сапасын басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілді.

4 Есепті жыл ішінде кеңесте қарастырылған диссертацияларды қысқаша талдау.

4.1 Диссертациялардың тақырыптарына талдау жасау.

Ибжанова Айнур Алимбаевнаның «Биоыдырайтын қаптама өндіру технологиясының ғылыми-техникалық негіздерін әзірлеу және КО ТР 005/2011 сәйкес жаңа өнімді стандарттау» диссертация тақырыбы қазіргі уақытта ауылшаруашылық және әлеуметтік-экономикалық салаларда өзекті болып табылады. Қазақстанда қаптаманы қолдану жылдан жылға артып келеді. Қазақстандық целлюлоза-қағаз өнеркәсібі тұтынушыларды қаптамамен толық қамтамасыз ете алмайтындықтан, нарықта шетелден жасалған қаптамалар бар. Тұтынушылардың экологиялық мәселелер туралы хабардарлығы артып келеді және бұл қаптама тенденцияларында белсенді түрде көрінеді.

Қазіргі таңда Қазақстанда биологиялық ыдырайтын және қайта өңделетін материалдарды пайдалануға көбірек өндірушілер назар аударуда. Экологиялық таза

қаптама тек табиғатқа деген қамқорлықтың көрінісі ғана емес, сонымен қатар бренд имиджінің маңызды элементі, тұтынушылардың адалдығын арттырады.

Қазақстан әлемдегі ең ірі астық державасы болып табылады. Дәнді дақылдардың сабаны ауыл шаруашылығы қалдығы болып есептеледі. Сабанды негізінен ауылшаруашылық малдарын азықтандыруға пайдаланады, қалғанын топыраққа салады немесе егістік алқаптарында жағып жібереді, ол атмосфераға және қоршаған ортаға зиянды элементтер бөлу арқылы зиянын тигізеді. Осылайша, сабаннан целлюлоза алу арқылы оны целлюлоза-қағаз өнеркәсібінде қолдануға болады. Себебі, Қазақстан территориясының аумағының 3,8% ғана орманды алқап алуда, ал ауыл шаруашылық дақылдарының қалдығы сабан қолжетімді, шикізат ретінде қағаз қаптамаларын өндіруге арналған ағашқа жақсы балама болып табылады. Қазақстанның целлюлоза-қағаз өнеркәсібінде негізгі шикізатының 90% - макулатура. Қағаз қаптаманы өндіруде буып-түйілетін өнімнің сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті жеткілікті беріктігі бар материалдар пайдаланылады. Картон мен қағаздың беріктік қасиеттері, ең алдымен, оларды өндіруге арналған жартылай фабрикаларға байланысты. Негізгі жартылай фабрикалар - целлюлоза, ағаш массасы және макулатура. Целлюлоза - қағаз бен картон өндірісінің негізгі компоненті. Сондықтан, ауыл шаруашылығы дақылдарының қалдықтарынан алынған целлюлозадан жаңа өнім алу, көп жағдайда целлюлоза тапшылығы мәселелерін шешеді және ағашқа балама шикізаттан биоыдырайтын қаптама өндіру технологиясы мен сапа көрсеткіштерін растайтын нормативтік құжат әзірлеу еліміздегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Серекпаева Мира Амангельдиновнаның «Үш қабатты панельдердің қорғаныш жабындарының сапалық көрсеткіштерін жақсарту және халықаралық талаптарға сәйкес техникалық құжаттаманы әзірлеу» тақырыбы қазіргі уақытта құрылыс және әлеуметтік салаларда өзекті болып табылады.

Тиімді жылытқыштары мен қорғаныш жабындары бар үш қабатты (сэндвич) панельдерді қолдану өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында салынып жатқан объектілердің көлемін ұлғайтуға мүмкіндік беретін құрылыс саласын дамытудың перспективалық бағыты болып табылады.

Ауылшаруашылық құрылысындағы болат конструкциялар жануарлардың қалдықтарының жоғары концентрациясының, жоғары ылғалдылықтың, ауыл шаруашылығында қолданылатын аммиак-фосфат тыңайтқыштарының әсерінен қатты коррозиялық бұзылуларға ұшырайды. Үш қабатты панельдердің коррозияға қарсы қорғаныс мерзімін ұзарту үшін тиісті қорғаныс жабындарының сапасын жақсарту қажет, сондықтан агрессивті ортаға төзімділіктің жоғарылауымен ерекшеленетін жаңа жабындарды жасауға бағытталған жаңа шешім мен тәсілді іздеу, жаңа материалдарды стандарттау өте өзекті мәселе болып табылады.

Қазіргі уақытта негізінен полимерлер, эпоксидті шайыр және полипропилен негізіндегі бояу және мастикалық жабындар қолданылады. Бұл жабындарды қолдану белгілі бір мәселелермен байланысты – соққы жүктемелеріне ұшыраған кезде төмен беріктік, крекинг, сыну, жоғары ылғалдылық пен агрессивті әсер ету кезінде жабын пленкасының тұтастығын аздап бұзу мүмкіндігі, нәтижесінде жабынның тез қартаюына немесе оның қасиеттерінің толық жоғалуына әкеледі.

Қазіргі экономикалық жағдайлар тек жоғары сипаттамалары бар ғана емес, сонымен қатар қол жетімді, өте төмен құны бар материалдарды алуды талап етеді.

Кейбір өндірістердің қалдықтары Тұтқыр және композициялық материалдарды өндіруге қажетті кальций мен Силикат компоненттері бар термиялық өңдеуден өткен құнды қайталама шикізат болып табылады және бір компонентті де, көп компонентті де шикізат болып табылады. Өнеркәсіп қалдықтарына негізделген қорғаныс жабындары қазіргі уақытта ең көп сұранысқа ие. Бұл саладағы ғылыми зерттеулер мен практикалық жұмыстар өте өзекті.

Джаксымбетова Макпал Адликановнаның «Деформациялық-термиялық өңдеумен біріктірілген сорттық прокатты өндіру технологиясының ғылыми-техникалық негіздерін әзірлеу және сапаның халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігін бағалау» зерттеу тақырыбында қарастырылған міндеттер қазіргі уақытта металлургия саласының сапасын басқаруда өзекті болып табылады.

Қазіргі заманғы өнеркәсіп машина жасауда, құрылыс индустриясында, мұнай-химия өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында және басқа салаларда кеңінен қолданылатын құрылымдық материалдардың сапасына қатаң талаптар қояды. Көбінесе дәстүрлі технология бойынша жасалған қарапайым құрылымдық материалдарды пайдалану олардың тез тозуына немесе бұзылуына байланысты тиімсіз болып шығады. Титан, никель, хром, ванадий, вольфрам сияқты тапшы және қымбат металдарды қолдану әрдайым тиімді және экономикалық тұрғыдан негізделген емес. Сондықтан қарапайым құрылымдық материалдарға олардың сапалық (беріктік және пластикалық) көрсеткіштерін күрт жақсартатын жоғары өнімділік қасиеттерін беру мәселесі маңызды.

Әлемнің көптеген индустриалды дамыған елдерінде жүргізілген зерттеулер Құрылымдық материалдардың құрылымдық қалыптасу процестері мен физика-механикалық қасиеттеріне әсер етудің интеграцияланған әдістерін қолдану перспективасын көрсетеді.

Қазіргі уақытта металл материалдарының беріктігі мен пластикалық сипаттамаларын арттырудың көптеген жолдары ұсынылған. Дегенмен, бұл мәселені шешудің ең нақты, тиімді және технологиялық қолайлы жолы-қатайтудың үш тиімді әдісінің жиынтығы болып табылатын біріктірілген деформациялық және термиялық өңдеуді қолдану: илемдеу, қатайту және босату.

Ыстық пластикалық деформацияны және кейінгі термиялық өңдеуді біріктіре отырып, төмен көміртекті төмен температуралы болаттарда жоғары механикалық қасиеттер кешенін алуға болады. Бұл өз кезегінде қымбат легирленген болаттарды қатайтылған, төмен көміртекті, қарапайым сапалы болаттармен алмастыру перспективасын ашады.

Каримова Гульмайда Конысбаевнаның «Макарон өнімдерін өндіру бойынша жаңа технологияларды (рецептураларды) әзірлеу арқылы стандарттаудың нормативтік базасын жетілдіру» диссертациялық тақырыбы өзекті. Қазақстанда макарон өнімдерін өндіруде жаңа технологияларды әзірлеудің өзектілігі бірнеше негізгі факторларға байланысты. Біріншіден, ішкі және сыртқы нарықтардағы қатаң бәсекелестік жағдайында өндірушілер қазіргі заманғы сапа стандарттарына сәйкес келетін бәсекеге қабілетті өнімдер жасауы керек. Екіншіден, макарон бағасының айтарлықтай өсуі (жылына 30,5% - ға дейін) бұл тауарлардың тұтынушыларға қол жетімділігіне қауіп төндіреді, бұл өндіріс процестерін оңтайландыруды және шығындарды азайтуды талап етеді. Үшіншіден, «Қазақстан-2050» Стратегиясына және 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және инновациялық тәсілдерді енгізу қажет, бұл технологиялық жаңғыртуды және өнім сапасын жақсартуды қамтиды. Осылайша, макарон өнімдерін өндірудің жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу кәсіпорындардың тиімділігі мен тұрақтылығын арттырып қана қоймайды, сонымен қатар тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге, тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін жақсартуға, сондай-ақ кәсіпкерлікті ұлттық экономиканың жетекші күші ретінде қолдауға ықпал етеді.

4.2 Диссертация тақырыбының «Ғылыми және технологиялық саясат туралы» ҚР Заңының 20-бабының 3-тармағының 2 тармақшасына сәйкес ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылыми дамудың басым бағыттарымен мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Ибжанова Айнура Алимбаевнаның диссертациялық жұмысы 226 «Жаңа инновацияларды ынталандыру» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде, ҚР БҒМ және Дүниежүзілік қайта құру және даму банкі қаржыландырған № ААР-PHD-A-18/020P «КО ТР 005/2011 сәйкес тамақ өнімдеріне арналған биологиялық ыдырайтын қаптама

материалдары технологиясының ғылыми-техникалық негіздерін әзірлеу» жобасы бойынша; 2022-2024 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми-техникалық бағдарлама BR12967830 «Тамақ өнімдері өндірісінің және экологиялық қаптаманың тиімділігін, қауіпсіздігін, ресурс үнемдеуін арттыру мақсатында техникалық реттеу құралдарын дамыту» жобасы бойынша орындалды. Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында бастамашыл тақырып бойынша тапсырылған есеп нәтижесінде берілген «Бидай сабанынан көпфункционалды материал» атты ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелері бойынша РНТД22РКИ007 мемлекеттік тіркеу нөмірі берілген.

Серекпаева Мира Амангельдиновнаның диссертациялық жұмысы жас ғалымдардың 2021-2023 жылдарға арналған жобаларын гранттық қаржыландыру шеңберінде бюджеттік бағдарлама бойынша орындалды: AP09058166 «Полимерлер, минералды заттар мен нанокоспалар негізінде жөндеу композиттік қоспаларының құрамын әзірлеу арқылы ауыл шаруашылығы техникасының бөлшектерін қалпына келтіру сапасын арттыру» және 2022-2024 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша орындалды: BR12967699 «Өнеркәсіп қалдықтарын пайдалана отырып, тиімді композиттік және smart материалдардың, ғылыми-техникалық негіздерінің нормативтік базасын жасау» «КазСтандарт» РМК Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі.

«Қазақстандық стандарттау институты» РМК қызметкерлерімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының м.а. 2015 жылғы 18 қыркүйектегі №187-НҚ бұйрығына сәйкес 29 Ұлттық стандарт (ҚР СТ) және 4 мемлекетаралық стандарт (ГОСТ), оның ішінде металлургия саласы бойынша әзірлен бекіту туралы 2015-2017 жылдарға арналған мемлекеттік стандарттау жоспарларын «Қазақстан стандарттау институты» РМК ҚР ИИДМ ИДМ (2018-2021) шартының шеңберінде *Джаксымбетова Макпал Адликановнаның* зерттеу жұмыстары жүргізілген.

Каримова Гульмайда Қонысбаевнаның зерттеу жұмыстары ИРН BR 12967830 «Тамақ өнімдері өндірісінің және экологиялық қаптаманың тиімділігін, қауіпсіздігін, ресурс үнемдеуін арттыру мақсатында техникалық реттеу құралдарын дамыту», Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстандық стандарттау және метрология институты» РМК жобасы аясында жүргізілді.

4.3 Диссертация нәтижелерін тәжірибелік қызметке енгізу деңгейін талдау.

Ибжанова Айнур Алимбаевнаның жұмыста келесідей жаңа және сенімді ғылыми нәтижелер алған. Қаптамаға және композициялық қосылыстардың қазіргі жағдайы мен болашағы туралы деректер талданған, қаптамаға арналған қағаз жасау үшін алынған шикізат материалдарының сипаттамаларына зерттеу жүргізген, композицияның технологиялық көрсеткіштері зерттелген, композицияның эксплуатациялық қасиеттері зерттелген, бидай мен күріш сабанынан қағаз қаптамасын өндіру үшін суспензия дайындау режимдері мен құрамдары әзірленіп, нормативті-техникалық құжаттама әзірленген. Алынған нәтижелер стандарттау және сертификаттау саласындағы теориялық және практикалық мәселелердің шешімі ретінде қарастыруға болады. Алғаш рет Қазақстан Республикасы аумағында құрамында беріктікті қамтамасыз ететін минералды қоспасы, биоыдырайтын қасиеттері бар сабан негізінде жасалған жаңа қаптамаға арналған қағаз алынды. Диссертация нәтижелері «Стандарттау, метрология және сертификаттау» кафедрасының оқу процесіне және қаптама дайындау ұйымына енгізілген. Ұйым стандарты әзірленген. Ұсынылған әдістерді іске асырудың практикалық мүмкіндігі тәжірибелік сынақтардың нәтижелерімен дәлелденді және тиісті актілермен, хаттамалармен, сондай-ақ орындалған экономикалық есептеулермен расталды. Сабан негізінде алынған қағаз қаптамасының экономикалық және экологиялық тиімділігінің есебі жүргізілген.

Серекпаева Мира Амангельдиновнаның зерттеу жұмыстарынан алынған нәтижелердің тәжірибелік маңыздылығы жаңа өнімді - металл конструкцияларының қорғаныш жабындарын өткізудің едәуір әлеуетті нарығына, сондай-ақ өндірістік қалдықтарды композиттік материалдарда толтырғыш ретінде пайдалану арқылы экологиялық мәселелерді шешуге байланысты. Ұсынылған қорғаныс жабындарын ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, ауылдық елді мекендердің өнеркәсіптік объектілері (мал шаруашылығы кешендері, көкөніс қоймалары, астық қоймалары және т.б.), сондай-ақ металл беттерін қорғау үшін өнеркәсіптің басқа салаларында қолдануға болады.

Жаңа материалдар лак-бояу материалдарын өндіретін шағын және орта бизнес кәсіпорындарында, тауар өндірушілерде сұранысқа ие болады. Диссертацияның нәтижелері «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ «Стандарттау, сертификаттау және метрология» мамандығы бойынша мамандар даярлау кезінде оқу процесіне енгізілді. Зерттеу нәтижелерін коммерцияландыруға «Ғылыми-экологиялық ұйым» ЖШС қызығушылық танытты.

Джаксымбетова Макпал Адликановнаның жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары өндірістің технологиялық процесінде арматуралық прокатты біріктірілген деформациялық-термиялық өңдеу үшін жеделдетілген салқындату қондырғысын жетілдірген. «АстанаСпецКонтроль» ЖШС-де енгізілген және қолданылатын арматуралық прокаттың зертханааралық салыстырмалы сынақтары бойынша құжатталған рәсімдері әзірлеген. «КазСтандарт» РМК-мен бірлесіп ГОСТ 34028-2016 Темірбетон конструкцияларына арналған арматуралық прокат. Техникалық шарттар стандартының «Механикалық қасиеттер» 5.6-тармағын өзектендіру бойынша бас мекемеге ұсыныс әзірленген. «Деформациялық-термиялық өңдеумен біріктірілген арматуралық прокатты беттік қатайту тәсілі» Қазақстан Республикасының патентін алуға өтінім жіберілген.

Каримова Гульмайда Конысбаевнаның Диссертацияның нәтижелері макарон бұйымдарын өндірушілердің мәселелерін шешеді: тары ұнын қосу арқылы өнімнің өзіндік құны төмендеді, технологиялық көрсеткіштерді оңтайландырумен шығарылатын өнімнің сапа бақылауы жақсарды. Ұйымдастырудың және технологиялық нұсқаулықтың жаңа стандартын қолдану өнімнің ассортиментін кеңейтіп, өнімді өткізу нарығын көбейтуге мүмкіндік береді. Әзірленген математикалық модель тары ұнымен алмастырылған макарон бұйымдарына қажетті оңтайлы уақыт кезеңі мен құрғату температурасын анықтауға мүмкіндік берді. Тары ұнымен алмастырылған макарон бұйымдарының экономикалық тиімділігінің есептеуі жүргізілді. Есептеу экономикалық пайдалылықты көрсетті, бұл макарон өнімдерін өндірушілер үшін өндірістегі маңызды құрамдас болып табылады. Зерттеу нәтижелері бойынша СТ ЖШС 050940010692-01-2023 «Жоғары сұрыпты А тобының «ТАРЫ» макарон бұйымдары. Техникалық шарттары» ұйымдастыру стандарты әзірленіп, бекітілді.

5 Ресми рецензенттердің жұмысына талдау

Диссертациялық кеңес отырысында қорғалған диссертациялық жұмысқа тағайындалған рецензенттер қарастырылып, бекітілді. Рецензент ретінде ғылыми жобаларға белсенді қатысатын, халықаралық ғылыми басылымдарда жариялымдары бар, тиісті мамандықтар бойынша ғылыми держелері бар жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың жетекші ғалымдары таңдалды.

Рецензенттердің пікірлері диссертацияларды қарау және бағалау талаптарына сәйкес дайындалып, ресімделді. Барлық рецензенттер диссертациялық жұмысқа мұқият талдау жасап, олардың пікірлері қойылған талаптарға толығымен сәйкес екенін көрсетті. Сонымен қатар, рецензенттер диссертацияның ғылыми жаңашылдығы мен практикалық маңыздылығын атап өтті, сонымен бірге зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігі мен әдістемелік дұрыстығын жоғары бағалады.

6 Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар жоқ

